

1. «Дені сау ұрпақ» жобасы туралы айтыңызшы

Жауап: Біз барлық қазақстандық ата-аналардың назарын аударғымыз келіп отыр. Білім және ғылым министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған «Қазақстандағы білім беру жүйесін дамыту» бағдарламасында мектеп оқушыларының денсаулығына аз назар аударылған.

Мысалы, 3 жылдың ішінде еліміздегі мектептеріміздің 3%-ында спорт залдарын салу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта еліміздегі мектептердің 71%-ында спорт залдары бар. Мұндай құрылыс қарқынымен Қазақстанның барлық мектептерінде спорт залдары тек 29 жылдан кейін, яғни 2038 жылы ғана болады!

Еліміздің Президенті 2030 бағдарламасында қазақстандықтардың денсаулығына үлкен көңіл бөледі, бірақ, өкінішке орай, еліміздің бюджеті шектеулі, сондықтан бюджетке ғана сүйеніп, үлкен игіліктерге үміт артуға болмайды.

Біздің Жобамыз мемлекеттің нақты көмегімен өзіміздің болашағымызға және балаларымыздың болашағына өзіміздің белсенді ықпал етуімізді ұйғарады. Әрі, егер бізді ата-аналардың көпшілігі қолдайтын болса, онда 3-4 жылдан кейін еліміздің барлық мектептерінде заманға сай мектеп Денсаулық орталықтары жұмыс істейтін болады.

2. Жоба неге мектептерге арналған?

Жауап: Елімізде 8 000 - ға жуық мектеп бар, оларда 2 млн. 600 мыңға жуық оқушы оқиды – бұл шамамен Қазақстан тұрғындарының бестен бір бөлігі. Мектептегі оқу 11 жыл құрайды. Барлық мектептер Министрлік пен әкімшіліктердің бақылауында тұрады.

Біздің ойымызша, мектеп оқушылары - бұл еліміздің іс-әрекетке қабілетті тұрғындарының ең ұйымдастырылған, ықпал ету уақыты ұзақ, басқарылатын, базалық жасы.

Егер мектептегі Денсаулық орталықтарын сабақтан тыс уақытта ересек тұрғындардың 1 млн.-нан 2 млн.-ға дейінгі саны пайдалана алатынын ескеретін болсақ, еліміздің тұрғындарының үштен бір бөлігіне дейінгі санын қамтуға болады.

3. Мектеп Денсаулық орталығы деген не?

Жауап: Бұл - қажетті, суы жылытылатын заманауи бассейн, заманауи жылыту (жылы едендер) және ауа құрғату жүйесі, кептіргіші, шәй ішуге арналған бөлмесі, теориялық сабақтарға арналған бөлмесі, тренажер залы, шешінетін бөлмелері, душ қабылдайтын бөлмелері, әжетханалары, басқа да қосалқы үй-жайлары бар жеке тұрған ғимарат.

Неге мұндай жиыннан тұрады? Бұған бірнеше себеп бар.

Біріншіден, бассейн мен саунаның адам организміне сауықтыру әсері зор.

Екіншіден, дарынды балаларды бастауыш сыныптарда жүзуге үйретудің және сапалы түрде таңдаудың арқасында, Қазақстан болашақта су спорт түрлерінде Олимпиада медалдарының бірнеше оншақты кешендері үшін күресуге мүмкіндіктері зор болады.

Үшіншіден, Білім және ғылым министрлігі мектептерде мұндай кешендер салмайды, себебі бюджетте қаражат жоқ.

Денсаулық орталықтары заманауи бассейндерді тек теледидар хабарларынан ғана естіп-білген еліміздің көптеген кішкене қалаларында және ауылдарында өркениет орталықтарына да айналады.

Ең ақырында, Мұндай құрылыс жиыны бар Денсаулық орталықтарына оқудан тыс уақытта ықшам аудан денсаулық топтарына абонементтер сатуға болады, яғни олар өзін-өзі өтей алатын болады, ал бұл өте маңызды нәрсе.

4. Мұндай Денсаулық орталығында не істеуге болады?

Жауап: Ол - әмбебап. Негізгі мақсаты - оқыту, дене шынықтыру және денсаулықты сүйемелдеп отыру. Жүзудің классикалық түрлеріне, қанатшалармен және маскамен жүзуге, су астында демді тоқтатып жүзуге, дайвингке үйретуге, мини су полосын, су баскетболын ойнауға, аква-аэробикамен айналысуға, организмді шынықтыруға болады. Егер теориялық сабақтар бөлмесінде қол жетерлік тренажерлер орнатса, организм бұлшық еттерінің барлық топтарына жұмыс істеуге болады.

5. Жобаны қаржыландыру – оны іске асыру қалай жоспарланып отыр?

Жауап: Оқушылардың ата-аналарының, кішкене кенттердің, барлық жұмыс істейтін тұрғындардың, демеушілердің ақша қаражаттар, гранттардың, бюджеттен тыс қорлардың есебінен.

Мұндай жағдайлар: адамзат тарихында көптеп кездеседі. Дінге сенетін адамдардың шіркеулер мен мешіттерді салу үшін қаражат жинағанын еске түсіріңізші.

Бұл жағдай да соған ұқсас - өзіміздің балаларымыз бен немерелеріміз үшін, өзіміз үшін қажетті де, пайдалы нәрсені құру үшін ақша жинау туралы сөз болып отыр.

Алғашқы қадам ретінде «Aquaterm Kazakhstan компаниялар тобы» оқушылар саны әртүрлі мектептер үшін Денсаулық орталықтарының екі үлгілік жобасының әзірленуін қаржыландыруды өз мойнына алуға әзір.

Құрылыс аяқталғаннан кейін, Денсаулық орталықтары мектептерге тапсырылады.

6. Бәрімізді қанша сома қажет екені толғандырады?

Жауап: Жобаның негізгі идеясы - бағасы қымбат емес Денсаулық орталықтарын салу.

Бұл орталықта ең қымбат тұратын нәрсе - бассейн. Алайда, егер көлемі кіші, бірақ Жобаның міндеттерін орындайтын бассейндер салынатын болса, олардың құрылысы мен кейін пайдаланылуы еліміздің тұрғындарының көпшілігіне қымбатқа түспейді.

Оқушылар саны 1000 – 1200-ге дейінгі жалпы білім беретін мектептің үлгілік Денсаулық орталығында тереңдігі 0,9 метрден 1,5 метрге дейін, көлемі 21 x 7,5 метр (3 жол) бассейн болуы керек деп санаймыз. Бұл тереңдік алға қойылғын міндеттерді орындау үшін жеткілікті болып табылады. Мұндай бассейнді құны, шамамен алғанда, 7 млн. теңге. Мұндай Орталықтың бір уақыттағы өткізу қабілеттілігі 40-қа жуық оқушыдан тұратын бір сынып. Жеке тұрған ғимаратты салуды ескере отырып, мұндай Денсаулық орталығы, шамамен алғанда, 36 млн. теңгені құрайды не әрбір оқушының ата-анасына 30-36 мың теңгеден айналады. Төлемді құрылыс басталғаннан бастап, 6 айға созуға болады – жобамен, айына 5-6 мың теңгеден. Егер мектеп одан да кіші болса, онда ата-аналар, одан да арзан бассейн кіші жобаны таңдай алады, мәселен, 10 x 5 метр (2 жол) және бір уақыттағы өткізу қабілеттілігі 25 адамға дейін.

Аз қамтылған отбасылардың өлшемдерін анықтап мектеп демеушілерінен, не болашақта Денсаулық орталықтарына баратын ұйымдарға абонементтер сатудан түскен ақшаның арқасында, оларды төлемдерден босатуға қажет.

Ауылдық жерлерде, мысалы, бірнеше кентке бір ғана кішкене мектеп бар жерлерде, кенттердің барлық жұмыс істейтін тұрғындарынан ақша жинауға болады – бұл жағдайда Денсаулық орталығын осы кенттердің тұрғындары пайдалана алады және құрылысқа арналған жарналар көп болмайды.

Жобада бюджетті болжауға болмайтын бір тарау бар – бұл Денсаулық орталығына коммуникацияларды қосу және аумақты көркейту. Біздің ойымызша, бұл мәселені мектептердің өздері шеше алмайтын жерде, Жобаның бұл тарауын мемлекет өзіне алуы керек және оны жергілікті әкімшіліктердің бюджеттік жоспарларына сатылы түрде қосуы керек. Аумақты көркейтуге мектеп оқушыларының сенбіліктері де үлкен көмек көрсете алады.

* Бағалардың тәртібі инфляцияға, аймаққа және валюталардың бағамына қарай өзгеруі мүмкін.

7. Жобаны іске асыру үшін не істеу керек?

Жауап: біздің қолымызда Жобаның барлық мүдделі тараптары үшін жалпы іс-әрекет бағдарламасы бар. Оны кәсіпқойлар егжей-тегжейлі қарастырып шығуы керек. Жоба жалпы ұлттық жоба бола алады, әрі болуы керек те

Денсаулық орталықтарын құру туралы шешім қабылданған жағдайда, мектептер мен ата-аналар заңды бұзбай жұмыс істеуі үшін заң базасын құру керек.

Осыған байланысты мектептердің Қамқоршы Кеңестерінің уәкілеттерін кеңейту қажет және оларға мектептердің материалдық базасы мен қызметін жақсартуға бағытталған шаруашылық қызметті жүргізуге рұқсат ету керек.

Денсаулық орталықтары - қуат пен суды көп қажет ететін құрылыстар, сондықтан олар жұмыс істей алуы үшін, ел ішінде «Денсаулық орталықтары» үшін су мен электр қуатына белгіленген тарифтердің 5-% көлемінде жеңілдетілген тарифтер бекіту керек. Бұл шара оларды Қазақстанның барлық тұрғындарының пайдалана алуына мүмкіндік береді.

Әуіздер мен сауналарды салу және пайдалану бойынша СНменЕ-ге және СанЕменН-ға өзгертулер енгізу керек және содан кейін оқушыларының саны әртүрлі мектептер үшін үлгілік Денсаулық орталықтарын жобалауды бастау қажет. Сонымен бірге Денсаулық орталықтарының түрлі сыныптарға арналған бағдарламаларды әзірлеу қажет, бұл сабақтарды сабақ кестесіне кіргізу керек. Құрылыс басталғаннан кейін, Денсаулық орталықтары үшін сатылы түрде кадрлар даярлау қажет, сондай-ақ басқа да көптеген жұмыстарды атқару қажет.

Жергілікті жерлердегі мемлекеттік мектептерде Жобаның орындалуын бақылауды жергілікті әкімшіліктердің білім беру департаменттеріне жүктеуге болады.

Білім және ғылым министрлігінің мектептерді 2012/13 ж.ж. оқу жылына даярлау туралы өкім шығаруы, онда расталған шаруашылық есеп бюджеттері бар «жабдықталған» Денсаулық орталықтарының елдің барлық мектептерінің жұмыс істеуі үшін ұсыныс жасалған құрылыстың болуы Жобаның ойдағыдай қорытындысы бола алатын еді.

8. Бұл Жобаны Сіз ақша табу үшін ұсынып отырсыз.

Жауап: Кедей елдің бай елден айырмашылығы - бай елде адамдар әрдайым құнды бірнәрсе құрып жатады. Осы құндылықты құру үрдісінде біреу міндетті түрде ақша табады. Бұл - әдеттегі нәрсе. Бұл Жобаның бір жақсы жері – барлығы пайда таба алады. Жобаның авторлары - Aquatherm Kazakhstan компаниялар тобы, сондай-ақ олардың лицензиялары бар бәсекелестері де осы Жобаны жүзеге асыруға қатыса алады. Өзінің денсаулығын сүйемелдей отырып, әрі соның нәтижесінде дәрі-дермектер мен медицина қызметтерінен ақша үнемдейтін денсаулық орталықтарын пайдаланатын адамдар.

Біз Қазақстанның осындай Жобалармен де танымал болуын қалаймыз.

9. Денсаулық орталықтарын ұстау қанша тұрады.

Жауап: Қызметті қалыпты түрде ұйымдастырған кезде, Денсаулық орталықтары қаржылық тұрғыдан өзін-өзі толық қамтамасыз етеді және бюджеттік қолдауға мұқтаж болмайды. Су мен электр қуатына деген жеңілдетілген тарифтерді ескере отырып, аймақ пен ауыртпалыққа қарай, айлық бюджет қазіргі мезетте 300 мың теңгеден 600 мың теңгеге дейінгі соманы құрай алады. Денсаулық орталықтарының өткізу қабілеттілігі бұл ақшаны сабақтан тыс уақытта ересек денсаулық топтарына абонементтер сатудан ала алады. Денсаулық орталығын дамыту үшін - тренажерлер, жабдықтар, жиһаз сатып алу үшін - мектептің Қамқоршы Кеңесінің шешімі бойынша

оқушылардың ата-аналарына 100 теңгеден 200 теңге дейінгі көлемде ай сайынғы жарналар белгілене алады.

10. Қоғамдық ақшаны жинау - бұл оларды қымқырудың бір мүмкіндігі .

Жауап: Бұл үшін әрбір мектепте мектеп әкімшілігінің және ата-аналар өкілдерінің қатарынан мектептің Қамқоршы Кеңесі құрылады. Бұл демеушілер, түрлі саладағы мамандар, ата-аналар, сенетін жай бастамашы адамдар болуы мүмкін. Олар мектептің басшылығына көмектесуі керек, ақша қаражаттарының жиналуын, жұмсалуды бақылауы керек, жалпы ата-аналар жиналысының алдында есеп беруі қажет, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының мерзімдерін, сапасын бақылау керек, салынған денсаулық орталығының жұмысына (қамқорлық) көрсетуі керек. Сонымен қатар олар мектепке Жобаның демеушілерін іздестіруге көмек көрсетуі қажет.

11. Ересектер мен балалар бір әуізде жүзе ме???

Жауап: Бар әлемде ересектер мен балаларға бір әуізде жүзуге рұқсат етілген. Қазақстанда да жағдай осындай . Сонымен қатар, әуізде жүзу үшін медициналық анықтама талап етілмейді. Мұның барлығы - әуізге барушылардың қарапайым гигиеналық ережелерді орындауы мен суды зарарсыздандырудың қазіргі заманғы тәсілдерінің жетістіктері.

12. Денсаулық орталықтары алкоголь ішімдіктері ішілетін көңілді кештер өткізілетін жеке сауналар секілді болмай ма?

Жауап: Денсаулық орталықтары ашық спорт фитнес-орталықтар режимінде жұмыс істейтін болады.

Онда айлық, тоқсандық, жылдық жеке абонементтер сатылатын болады. Яғни, спорт нысандарына бару ережелері орындалатын болады.

13. Су мен от адам үшін әрдайым жоғары қауіп-қатер көздері болатын. Балалар үшін тіпті де қауіпті емес пе?

Жауап: Денсаулық орталықтарының нұсқаушылары ең бірінші кезекте балаларды қажетті тіршілік дағдыларына - жүзуге және әуіз бен саунадағы қауіпсіз тәртіп ережелеріне үйретуге міндетті болады. Соның арқасында ата-аналарда балалардың ашық су қоймаларында шомылуымен, сондай-ақ қоғамдық аквапарктерге және басқа да фитнес-орталықтарына баруымен мәселе тұмайды.

14. Әуіз - күрелі гидротехникалық құрылыс, оны ұстау, жабдықтарды және суды күту арнайы білімді талап етеді. Ел көлемінде бұл мәселе қалай шешілетін болады ?

Жауап: Біз оқу видеофильмін құрамыз, оны көргеннен кейін және оның нұсқауларын дәйекті түрде орындай отырып, Денсаулық орталығының қалыпты жұмысын мектептің кез-келген жауапты қызметкері қамтамасыз ете алатын болады.

15. Денсаулық орталықтарында кім жұмыс істеуі керек?

Жауап: Сайып келгенде, бұл, мүмкін, Жобаның ең күрделі мәселесі болып табылатын шығар. Бұл жерде денсаулық орталықтары қызметкерлерінің жауапкершілігі және кәсіпқойлығы туралы сөз болып отыр. Олар өзінің кәсіпқойлығын әрдайым көтеріп отыруға дайын ынталы жандар болуы керек. Өйткені біз оларға өзіміздің ең қымбат дүниемізді – балаларымызды сеніп тапсырамыз ғой. Олардың миссиясы - жұртшылыққа салауатты өмір салтының мәдениетін жеткізу. Бұл жұмыстың беделі, әрі жалақысы жоғары болмақ. Өйткені, олар мектеп сабақтарынан басқа тағы да ықшам ауданның ересек фитнес-топтарымен де ақылы сабақтар өткізетін болады.

Бұл жұмысқа таңдау мұқият жүргізілуі керек. Мектептердің директорлары үміткерлерді ұсыныс жасалған өлшемдерге сәйкес, жан-жақты тексергеннен кейін және мектептің Қамқоршы Кеңесінің міндетті түрдегі ұсынысы бар болғанда ғана қабылдауы керек.

Таңдаудың мақсаты - Жобаға кездейсоқ адамдарды - денсаулығында түрлі ауытқушылықтары, соның ішінде психикалық ауытқушылықтары бар адамдарды жібермеу.

Жобаның аясында әрбір Денсаулық орталығында, кем дегенде, екі маманды даярлау керек. Ел көлемінде сатылы түрде, кем дегенде, 16 000 маман даярлау қажет. Бұл міндет ауыр, бірақ ол қолдан келеді. Үміткерлер үшін өлшемдерді анықтау қажет, оқытудың тиімді және жинақы бағдарламаларын әзірлеу керек, тұрақты жұмыс істейтін курстар ұйымдастырып, оның бір сатысында Интернетті пайдаланған да жөн болар. Ауылдық жерлерде «өз» Денсаулық орталықтары үшін мұндай мамандарды жергілікті тұрғындардың қатарынан алып оқытуды көтермелеу қажет.

Туризм және спорт, Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктері, Су спорты түрлерінің федерациясы, еліміздің жетекші фитнес-клубтары бұл жұмысқа белсенді қатысуы керек. Оқыту оқушылар не демеушілер қаражаттарының есебінен төленуі керек.

16. Жоба туралы сіз неге қазір ғана сөз қозғадыңыз?

Жауап: Өйткені біз бұл Жобаны ел көлемінде іске асыруға нақты көмек көрсетуге тек қазір ғана дайын болдық. Aquatherm Kazakhstan компаниялар тобының 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі және Қазақстанның барлық аймақтарында білікті мамандары бар. Біз заманауи технологияларды, заманауи жабдықтар мен құрылыс материалдарын пайдалана отырып жұмыс істейміз. Ақырында, 2005 жылдан бері біздің Moody International (Ұлыбритания) компаниясы берген ISO 9001:2000 сапа менеджменті сертификатымыз бар, ал бұл бізге жұмыстарды сапалы түрде орындауға негіздеме береді.

Жергілікті жерлердегі басшылардың арзан, біліксіз жұмыс күшін жалдап, ал үнемделген ақшаны басқа қажеттіліктерге жұмсау ниетіне қатаң тосқауыл қою керек. «Сараң адам екі рет төлейтіні» баршаға мәлім. Мектептерге берілетін Денсаулық орталықтарының жалпы құрылыстық, әрлеу жұмыстарына, әуіз түбіне, гидрооқшаулауға, көркемдеуге, қойылатын бөлшектерге, әуіздің құбырлары мен фитингілеріне, кем дегенде, 25 жылдық кепілдігі, ал кабелдік жылыту жүйелері – жылу едендерге 10 жылдық толық кепілдігі болуы керек.

Біз Орталықтардың құрылысын сәйкесінше лицензиялары, табысты орындалған нысандары және аймақтарда, кем дегенде, 5-7 жыл жұмыс істеп отырған қазақстандық компаниялардың іске асыруы керек деп санаймыз. Тек солар ғана нақты кепілдіктер беріп, денсаулық орталықтарына «қамқорлық» көрсете алады, технологиялық жабдықтарды қажет болған шамада жеке түрде жөндей алады.

17. Барлығы да тамаша! Сонда неден бастау керек?

Жауап: Бірінші қадам - әлеуметтік жарнама. Сыртқы тасымалдаушыларды - билбордтарды, қоғамдық көлікті, үндеу хаттарын барынша тиімді пайдалану қажет. Жобада сөз болған мәселелер бойынша ел ішіндегі баспасөз беттерінде, радио мен теледидарда пікір-сайыстар өткізу қажет. Ата-аналар мұның шынымен-ақ барлығымызға қажет екенін түйсінуі керек.

Бұдан әрі, нақты сыныптың, мектептің мүдделі ата-аналары осы бастамаларды қолдап, Парламент депутаттарына, Туризм және спорт министрлігіне, Білім жән ғылым министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне ұжымдық хат жібере алады.

Егер сұраулар көп болатын болса, яғни Жоба қызығушылық тудырса, олар қарастырыла бастайды – Жоба басталады.

Aquatherm Kazakhstan компаниялар тобы өз кезегінде Жобаны алға жылжытуға барлық қажетті көмек көрсетуге дайын.

Жоба бойынша ашық дауыс беру жүретін сайт: www.aquatherm.kz

Еліміздің «Сау ұрпағы» үшін дауыс беріңіз!!!

**Aquatherm Kazakhstan
компаниялар тобы**

Біздің Миссия:

**«Қазақстанда жайлы жағдайды
қамтамасыз ететін және тұрғындардың
салауатты өмір салтын қолдайтын жоғары
сапалы тауарлар мен қызметтер нарығын құру»**



**Біз денсаулық пен
ырыс-береке құрамыз**